

Лексикалық тақырып: *Түргеш қағанаты*

Грамматикалық тақырып: *Сан есім*



Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз

Түргеш қағанаты (704–756 жж.) Түрік тектес түргеш тайпалары VI-ғасырда Тянь-Шань таулы аймақтарын мекендеген, ал VII-ғасырда Жетісудың орталық аймақтарын қоныс еткен. Түргеш тайпалары жөніндегі алғашқы мәліметтер Күлтегін ескерткішінде және Қытай жазба деректерінде кездеседі. Ал түргештердің жеке қағандық болып құрылуы туралы дерек "Тоныкөк" жазуында айтылған. Түргеш қағанаты халқының этникалық құрамы негізінен сары және кара түргеш тайпаларынан тұрған. Шу бойындағы түргештер сары, ал Талас аймағындағы түргештер кара түргештер деп аталған.

Түргеш қағанаты 704–756 жылдар аралығында өмір сүрді. Бұл кезде Жетісу аймағында араб басқыншыларына қарсы күрес жүріп жатқан болатын. Жетісуда Түргеш қағанаты билеушілерінің негізін қалаушы Үшелік-қаған. Оның билік жүргізген кезі – 699–706 жылдар. Ол Жетісудан Батыс түрік билеушісі Бөрішадты қуып, Ташкенттен Турфанға және Бесбалыққа дейін өзінің өкіметін орнатты. Оның басты саяси орталығы – Шу өзені бойындағы Суяб қаласы. Екінші орталығы – Іле өзені бойындағы Күнгүт қаласы. Үшелік елді 20 ұлысқа бөліп, олардың әрқайсысында 7 мыңнан әскер ұстады.

Түргеш қағанатында Үшелік өлгеннен кейін билік оның баласы Сақал-қағанға көшті. Оның ел билеген кезі 706–711 жылдар. Қаған билігі үшін сары және кара түргеш тайпаларының арасында талас-тартыс басталды. Батыста түргештер соғдылармен бірігіп арабтарға қарсы күрес жүргізді. 711 жылы Шығыс түрік қағаны Қапаған Жоңғария жерінде түргештерге соққы беріп, Сырдариядан өтті. 712–713 жылдары арабтарға қарсы түріктер, соғдылар Шаш (Ташкент) қаласы тұрғындары және ферғаналықтар бірігіп күш көрсетті. Мәуеренахрдағы араб иелігіне төніп отырған қауіпті түсінген Күтеиб Шаш қаласын өртеді, 714 жылы ол Испиджабқа шабуыл ұйымдастырды.

Екі тайпаның арасындағы тартыста кара түргештер жеңіске жетеді, олар қолдаған Сұлу тархан қаған болады. Түргеш қағанаты Сұлу қағанның (715–738 жж.) тұсында қайта күшейе бастады. Бұл кезде өкімет кара түргеш тайпаларының қолына көшіп, мемлекет орталығы Талас (Тараз) қаласына ауысты. Айлалы саясаткер және күшті әскери қолбасшы Сұлу екі майданда: батыста арабтарға қарсы, шығыста Батыс түрік қағандары мирасқорларын қолдаған Тан империясымен күрес жүргізді. 723 жылы түргештер Ферған қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен бірігіп, арабтарға күйрете соққы берді. Арабтар 732 жылы өз әскерлерін біріктіріп, түргештерді қирата жеңіп, Бұхара қаласын басып алды. 737 жылы Сұлу арабтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Тохарстанға дейін жетті, бірақ кейін жеңіліп қалды. Қайтып келе жатқанда, оны өзінің әскери басшысы Баға-тархан өлтірді. Сұлу қаған қаза болғаннан кейін билік үшін "сары" және "кара" түргештердің арасында ұзаққа созылған күрес жүрді. Түргеш мемлекеті өз ішіндегі күрестің нәтижесінде едәуір әлсіреді, мұны Тан (Қытай) империясы ұтымды пайдаланды. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд-ибн-Салых бастаған араб әскерлері мен Гао-Сяньчжи басқарған Қытай әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрді. Қытайлықтарға қарсы оның тылындағы қарлұқтар көтерілді. Нәтижесінде Қытай әскерлері жеңіліске ұшырады. Әбден әлсіреген Түргеш мемлекеті 756 жылы құлады.

Түргеш қағандығы бар-жоғы жарты ғасырдай өмір сүрді. Оның көп жылдары сыртқы жаулармен соғыста өтсе, ішкі жағдайында да тыныштық болмады. Тайпалар екі жаққа бөлініп, бір-бірімен талас-тартысқа түсті. Мұндай ұзақ уақытқа созылған саяси күрес қағанаттың экономикалық және мәдени жағынан өсіп өркендеуіне кері әсерін тигізді.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Мәтінмен жұмыс жасаңыз.

1. Мәтінде берілген сан есімдерді жазбаша жазыңыз.
2. Мәтінді оқыңыз, мазмұнындағы негізгі айға байланысты бірнеше сұрақтар қарастырыңыз
3. Мәтіндегі сан есімдердің (Жазылу) емлесіне түсініктеме бер.

2. Мәтіннен дара және күрделі сан есімдерді теріп жазыңыз.

Дара сан есімдер:

Күрделі сан есімдер:

3. Сұхбатты толықтырыңыз.

Ардақ: _____

Арман: Қазынашылықтың алдына қойған міндеттерді атқару 4044 қызметкері бар, 26 ұлт өкілдерінің басын қосқан үлкен ұжымға жүктелді.

Ардақ: _____

Арман: Бүгінде Қазынашылықтың құрамына 16 облыстық, Астана мен Алматы қалаларындағы Қазынашылық департаменттері, 187 аудандық және қалалық бөлімшелері мен орталық аппарат кіреді.

Ардақ: _____

Арман: Қазынашылық органдарда жас және тәжірибелі мамандар қызмет атқарады. Олардың 80 пайызға жуығы жоғары білімді мамандар. Жыл өткен сайын мамандардың біліктілігі артып келе жатыр. Сонымен бірге Қазынашылық комитетінің 370 қызметкері жоғары оқу орындарында өздерінің білімдерін жетілдіруде.

Ардақ: _____

Арман: Қызметкерлердің орташа жасы 34 құрайды.

Ардақ: _____

Арман: Қазіргі кезде Қазынашылық органдар 15000-нан астам республикалық және жергілікті бюджеттегі мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетеді.

Ардақ: _____

Арман: 1995 жылы Ақмола қаласындағы орталық жоғары мемлекеттік ұйымдарды қайта құрылымдау басталды. Осы кезде жас елордаға ҚМ–гі қоныстанды. 1997 жылы 19 желтоқсанда Алматы қаласынан Ақмолаға Қазынашылық комитеттің 48 қызметкері көшіп келді.

Ардақ: _____

Арман: 1999 жылы желтоқсан айында Қазынашылық комитет жаңа ғана бой көтерген министрлер үйінің ғимаратына көшіп келді, комитеттің көптеген қызметкерлері тұрғын үймен қамтамасыз етілді.



Арманның айтқан әңгімесінде мынадай мағынада жұмсалған сөздерді

табыңыз.

Орындау -

Біріктірген -

Міндеттелді -

Енеді -

Салынған -

Қоныс аудару -

4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз

-мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз

-мәтіннен сан есімді теріп жазыңыз

Түргештер-Батыс түрік қағандығындағы бес арыс ел дулаттың белді тайпасы. Түркештер- ежелгі үйсін, дулат ұлысының ұрпағы. Шежіре деректерінде "сары үйсін" деп аталады. Түркештер Іле мен Шу өзені аралығында, Іле Алатауынан Балқаш көлінің оңтүстігіне дейінгі өңірде көшіп-қонып жүрген. Бұл өлке мал шаруашылығына қолайлы, құнарлы өріс-қоныс болды. Сонымен қатар отырықшы егіншілік ошағы, біршама көркейген қалалары бар бай өлке еді. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-керуен жолының осы өңірді басып өтетін басты бөлігі түркештердің бақылауында болды. Бұл жағдай түркештердің әскери-саяси және шаруашылық қуатын арттыра түсті.

Батыс Түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісуда өз үстемдігін орнатуға ұмтылған Қытай императорлық әулетінің әскери- саяси әрекеттері қаған билігінің әлсіреуіне, сөйтіп бірте-бірте тек аты ғана қалуына көбіне-көп себепші болды. «Он жебе» құрамына кірген тайпалардың енді қаған атынан емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түсті. 694 жылы таққа отырған Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып, шығыста қытай әскеріне қарсылық ұйымдастыруға әрекет жасаған кезде, Жетісудың өзінде азғыр Нүзүк-Иркин, түргеш Чыкан және ұлық-оқ тайпасының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған, бірақ шежірешінің сөзіне қарағанда, олар жеңіске жете алмаған. Мұның өзі, шындыққа үйлеспейтін болса керек. Қалаға шабуылдың сәтсіз аяқталуы туралы шежірешінің сөздері өкілдердің мәлімдемесіне ғана негізделген. Әдеттегідей, шайқастың қалай болғанын нақты суреттеп баяндау жоқ, шежіреші тек «жеңілді» дейді де қояды. Ол былай тұрсын, бұдан кейін аймақтың халқын бірден тыныштандыру үшін түрік Хусэлоның бастауымен армия ұйымдастырылды (бұлар түріктерден құрылған болуы керек) делінеді. Бірақ жорыққа әзірленіп жатқан кездің өзінде қағанатта жаңа бір күш пайда болады да, мұның қуаттылығы соншалық, Хусэло батысқа жорық жасаудың орнына асығыс түрде тайып тұрады.

«Жаңа Тань тарихында» былай делінген: «Шығындар (ақсүйектердің) күн сайын өсіп жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады». Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлық-қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте-мөте шиеленісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сөгенің (Сақалдың) ұрпақтарын сары рулар (сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сулуқ) ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне- бірі

сенбейді». Түргеш шонжары шумекен Бекан-Күлүг-шорасының (Фу- Янь-Цюэлю-чо) хатында да осы туралы айтылады: «Біз далада, толқып тұратын елде тудық, біріне-бірі шабуыл жасап, кескілесіп жатады...»

Арабтар Орта Азияға жаулауы басталған кезде, Қазақстан мен Орта Азияның басым бөлігі Батыс Түркі қағанаты қол астында болды. Арабтарға қарсы күресте Жетісуда өкімет басына келген түргештер болды. Оның негізін салған Үш-еліг қаған (699-706 жж.). Оның ордасы Шу бойындағы Суяб қаласы болды. Екінші (кіші) ордасы Іле өзені жағасындағы Күнгіт қаласында орналасты. Үш-еліг-қаған елді 20 түтіктікке (еншілікке) бөлді, оның әрқайсысының 7 мыңнан әскері болды. Үш-еліг-қаған Қытай империясымен және Согда мемлекетімен саяси бірлестік құрып, арабтарға қарсы күреседі.

Түргеш қағанатында Үш-елігтен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал-қаған (706-711) таққа отырады.

723 жылы Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен тізе қосып, түргештер арабтарды жеңеді. Сулықты арабтар Абу Мұзахим (Сүзеген) деп атайды. 737 жылы Сулықты өз қолбасшысы Баға-Тархан өлтіреді. Оның қазасынан кейін "сары" түргештер мен "қара" түргештер арасында өкімет билігін алу үшін күрес басталды. Ішкі қырқыс Түргеш мемлекетін әбден тұралатып тастады. 756 жылы түрік тілді қарлұқ тайпаларының әрекетінен түргеш мемлекеті құлады.

5. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.

1. Түргеш қағанаты (704–756 жж.) Түрік тектес түргеш тайпалары VI-ғасырда
2. Екі тайпаның арасындағы тартыста қара түргештер
3. Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы
4. Арабтар Орта Азияға жаулауы басталған кезде, Қазақстан мен Орта Азияның басым бөлігі
5. Үш-еліг-қаған елді 20 түтіктікке (еншілікке) бөлді, оның әрқайсысының 7
6. 756 жылы түрік тілді қарлұқ тайпаларының әрекетінен

6. Төлеу сөзді төл сөзге айналдырыңыз.

1. «Байлық қолға ұстаған мұз ериді де кетеді» дегенді Бөлтірік шешен айтқан.
2. «Ш.Уәлиханов –аққан жұлдыздай жарқырап өте шыққан аяулы ғалым» деп В.И.Веселовский айтыпты.
- 3.«Тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуінен, беттен қағар желінің есуінен тайсалмауға тиіспіз» деген сөзді Нұрсұлтан Назарбаев айтқан.

7. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерге сан есімдерді байланыстырыңыз.

756	Түргеш қағанатында Үш-елігтен кейін оның мұрагері болып, баласы Сақал-қаған ... таққа отырады.
706-711	... жылы Ферғана қарлұқтарымен және Шаш тұрғындарымен тізе қосып, түргештер арабтарды жеңеді.
711	... жылы түрік тілді қарлұқ тайпаларының әрекетінен түргеш мемлекеті құлады.
723	... жылы Шығыс түрік қағаны Қапаған Жоңғария жерінде түргештерге соққы беріп, Сырдариядан өтті.

8. Сан есімнің түрлерін алты бағанға орналастырыңыз.

Бір, үш жүздей, екінші, біреу, үш, жүз-жүзден, оныншы, үшеу, бес-алтыдан, мың, он шақты, екі мың он бесінші, алтау, жиырмаға тарта, үш-үштен, бір мың екі жүз, төрт жарым, онның үші, жиырма-отыздан, елуге тарта, жетеу, жүзден бірі, қырық, елу, тоғыз жүз, жүз каралы, қыркыншы, төрт жүз елудей, үштен екісі.

Есептік	Реттік	Жинақтық	Бөлшектік	Топтау	Болжалдық
М: бір	М: бірінші	М: біреу	М: екіден бір	М: Екі- екіден	М: Он шақты

9. Мақал-мәтелдердегі сан есімді тауып, орнына қойыңыз.

- 1) Жұт ... ағайынды.
- 2) ... атасын білмеген ұл жетесіз.
- 3) ... атасын білген ұл ... жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер.
- 4) Өзі жақсы кісіге ... кісілік орын бар.
- 5) ... қошқардың басы ... қазанға сыймас.
- 6) ... жылға қоян терісі де шыдайды.
- 7) ... қолың ұрысшы болса,
... қолың арашашы болсын.
- 8) ... метр мұзда ... күнде қатпайды.
- 9) ... оқты бұлан көтереді,
... оқты ұлан көтереді.
- 10) ... ала болса ауыздағы кетеді.
... түгел болса төбедегі келеді

10. Тест тапсырмалары

1. Сан есімнің мағыналық түрі

- A) Бес;
- B) Төрт;
- C) Үш;
- D) Алты;
- E) Жеті.

2. Заттың реттік қатарын білдіретін сан есім

- A) Есептік;
- B) Болжалдық;
- C) Реттік;
- D) Бөлшектік ;
- E) Жинақтық.

3. Заттың нақты санын білдіретін сан есім

- A) Есептік;
- B) Болжалдық;
- C) Реттік;
- D) Бөлшектік;

Е) Жинақтық.

4. Заттың жинақталған санын білдіретін сан есім

- А) Есептік;
- В) Болжалдық;
- С) Реттік;
- Д) Топтау;
- Е) Жинақтық.

5. Жинақтық сан есімнің сұрағы

- А) Неше,қанша?
- В) Нешінші?
- С) Нешеден?
- Д) Нешеу?
- Е) Қай шамалы ?

6. Септік жалғауы бар сан есімдерді көрсет

- А) Бірінші, мыңыншы, оннан;
- В) Бестен, екеуін, қырыққа;
- С) Бес-бестен, он, жеті;
- Д) Үшеудің, он тоғыз, жиырмамыншы;
- Е) Жүз бір, он алтыда, тоқсан екі.

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Қожа Ахмет Ясауи (1093 ж.ш., кейбір деректерде 1103, 1041, Сайрам (Исфиджаб) — 1166 ж. Түркістан (Ясы)) — түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы.

Қожа Ахмет Ясауи—1093 жылы туылған түркістандық зұлама, әулие. Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі –Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды.

Қожа Ахмет Ясауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Кашифи “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жылы қызмет еткендігі туралы мәлімет береді. Ясауидың “Диуани хикметінде” де Арыстан баб жиі ауызға алынады. Қожа Ахмет Ясауидың өмірі мен қызметі туралы Жазба деректерде (Хазини, “Жауаһир-ул Абра Мин Амуаж-ил Биһар”) оның Юсуф Хамаданидың шәкірті екендігін көрсететін деректер болғанымен, соңғы зерттеулерде оны теріске шығаратын тұжырымдар айтыла бастады. Қожа Ахмет Ясауидың алғашқы шәкірті – Арыстан бабтың ұлы Мансұр Ата, екінші шәкірті – Сайид Ата Хорезми, үшінші шәкірті – Сүлеймен Бақырғани. Осылардың ішіндегі ең көрнектісі – Бақырғани (Хакім Ата) (Кашифи, “Рашахат-ул айн-ил хайат”). Тағы бір танымал шәкірттерінің бірі Мұхаммед Данышменди соны Қожа Ахмет Ясауидың “Мират-ул Қулуб” атты мұрасын хатқа түсірді.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы — «Диуани хикмет/ Диуани Хикмат» (Хикмат - жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады.

«Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

Қазақстан Республикасы
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі,
Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.